

Педагогикалық Кеңестің
отырысында қаралды
Хаттама № 6
«29» маусым 2019 ж.



АЛМАТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР КОЛЛЕДЖІ ПЕДАГОГЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Алматы мемлекеттік жаңа технологиялар колледжінің педагогы Қазақстан Республикасының Конституциясы және Заңдарын, Жарғы, Ішкі тәртіп ережелерін, колледж қызметкерлері мен студенттеріне арналған этикалық нормаларды сақтауға міндетті.

1. Колледждің кәсіби қызметтерінің принциптері мен міндеттері

Колледж ұжымы өзінің іскерлік беделін жоғары бағалайды және өзінің атын жақсы іс-әрекеттермен үнемі растау үшін бар күшін салады.

Колледж қызметкерлері осы Кодекстің нормаларына қайшы келетін этикалық бұзушылықтарды болдырмауға тырысады. Колледж ұжымы жұмыстың сапасын үнемі жетілдіріп, кәсіптік білім мен кәсіптік өсуді үздіксіз жетілдіруде мақсаттарға жетуді көздейді.

Колледж ұжымы өз жұмысында білім алушыларға сенім артады, оларды колледж қамқорлығы мен қорғауға тәрбиелейді.

2. Педагогтар мен колледж қызметкерлеріне арналған жалпы тәртіп ережелері

Педагогтар мен қызметкерлердің міндеті:

- Конституцияның талаптарын, Заңдылықтарды басшылыққа алады;
- Колледж миссиясы мен міндеттеріне ұмтылу, оны жүзеге асыру, өзінің іс-әрекетімен колледждің жалпы имиджін нығайту және оның беделін түсіретін іс-әрекеттердің болуына жол бермеу;
- өз қызметтік міндеттерін адал, әділ және сапалы орындау, ол үшін өз жұмыс уақытын тиімді пайдалану;
- өзінің іске деген көзқарасы мен жеке мінез-құлқымен ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай жасауға ықпал ету;
- тіліне, ұлтына, нәсіліне, жынысына, мүліктік жағдайына және лауазымдық, әлеуметтік шығу тегіне қарамастан азаматтық тәуелсіздігі мен адамның ар-намысы және қадір-қасиетін құрметтеу;
- жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

- адал, әділ болу, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, әріптестермен және студенттермен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік көрсету, іскерлік этикетті сақтау, ресми мінез-құлық ережелерін құрметтеу;

- педагог басқа қызметкерлерге өзара көмек көрсетіп, жас әріптестермен білім және тәжірибесімен бөлісуі тиіс;

- педагог -парасаттылық пен интеллигенттіктің, мораль мен адамгершілік үлгісі, Қазақстан мемлекеттілігінің белсенді насихаттаушысы, тәртіпсіздік және жауапсыздықтың қағидатты қарсыласы;

- педагог оқу-тәрбие жұмысы процесінде психологпен, медициналық қызметкермен, ата-аналармен жеке тұлғаны дамыту мен білім алушылардың психикалық, психологиялық және физикалық денсаулығын сақтау үшін белсенді ынтымақтастықта болуы тиіс;

- педагог қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киімнің іскерлік стилін ұстануы тиіс.

3.Оқытушылар білім алушылармен қарым-қатынаста келесі тәртіп қағидаларын ұстануы тиіс

- Педагог - өз ісінің кәсіби маманы, өзінің педагогикалық шеберлігін және өз білімін тұрақты жетілдіреді, адал білім іздеу негізінде білім алушылармен белсенді түрде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді, дәлелдемелерді тиісті түрде қамтамасыз ете отырып, нәтижелерді хабарлау кезінде әділ және адал пайымдайды;

- Педагогке білім алушылармен жұмыс істеу әдістерін таңдау керек, олар өз бетінше жұмыс істеуді, өзін-өзі бақылауды, өзін-өзі тәрбиелеуді, ынтымақтасуға және басқаларға көмектесуді дамытады.

- Педагог білім алушыларға еңбек және оқу тәртібі ережелерін сақтау, әріптестеріне құрметпен қарау, өзіне талап қойғыш, өз сөздері мен іс-әрекеттерін дәлелдей алады, өз қателіктерін ашық мойындап және оларды адал түрде түзетеді;

- Педагог жасына қарай, жынысы, ұлты және өзге де ерекшеліктері бойынша білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауға тиіс емес;

- Педагог өз әріптестері мен білім алушыларды кәсіби бағалауда адал және алаламайтын болуы тиіс: ол ұйымдастырылған, оның сөздері ісімен сәйкес келеді, жұмысқа қатысты принципті сұрақтар бойынша өз ұстанымын ашық білдіреді және өз көзқарасы бойынша дәлелдейді;

- Колледж педагогтері сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, құқық бұзушылықтар мен жемқорлыққа жол бермеуі тиіс

- Педагог өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін мүмкіндіктерді пайдаланбауы тиіс, қызметкерлердің іс-әрекетіне қандай да бір тәуелді студенттерден немесе басқа да мүдделі тұлғалардан қызметі үшін қандай да бір "сыйлықтар" қабылдамауы тиіс.

- Педагогтың ар-намыс кодексі – Мемлекет және Қазақстандық қоғам мен жалпыға танылған адамгершілік қағидаттарға негізделген, тәртіп талаптары, моральдық нормалар, міндеттемелер және адамгершілік талаптарының жүйесі;

- Педагог өзіне жауапкершілік ала отырып, ар-намыс кодексінің қағидаларын іске асыру және бағытын ұстануда колледждің жоғарғы адамгершілік, зияткерлік ортаның үлгісіне айналуы үшін және оның имиджі мен іскерлік беделін нығайтуға өз үлесін қосуы тиіс.

4. Қорытынды ережелер

Педагогтар мен қызметкерлерге өзінің кәсіби қызметінде осы педагогтың ар-намыс кодексі ережелерін зерделеу және сақтау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Колледжге жаңадан қабылданған педагог Кодекспен алғашқы танысуды кадрлар бойынша маманның қол қоюы арқылы жүзеге асырады.

Кодексте баяндалған нормалардың орындалуын бақылау басшыға, мерзімді бақылау – директордың орынбасарларына жүктеледі.